

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 19 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2090. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 290 бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған б ұ й р ы қ т а р ы н ы ң тізбесі

4. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 95 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 19 желтоқсанда N 2090 тіркелген).

Төраға

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес, кедендік брокер ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес қайта ресімдеудің тәртібін айқындау мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 тіркелген, 2001 жылы "Кеден жаршысы" N 2 жарияланған) 2001 жылғы 15 ақпанындағы N 54 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендік брокер ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны берудің, қызметін тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібінде:

- 1) 21-тармақ алынып тасталсын;
- 2) 22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Кедендік брокердің атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілген болса) өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиар лицензиаттың тиісті жазбаша мәлімдемесін берген күннен бастап он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжаттарды беру кезінде Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым төленеді".

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Г.Исахан) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға